

ӘОЖ 581.582.4.578.088.5

С. Сайлаубай\*, Н.З. Ахтаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: sairash5200620@mail.ru

### Қызылорда облысы кенбайыту аймағының өсімдіктер жабынының қысқаша сипаттамасы

Бұл жұмыста Қызылорда облысы кенбайыту аймағы өсімдіктер жабынының флорасы зерттелді. Зерттелінген өсімдіктер жабынының флорасы әртүрлі. Әр флораның өзіне тән арнайы ерекшеліктері бар. Флораның өзара айырмашылығы ең алдымен әр өңірдің климаттық жағдайларына, геологиялық орналасуына және топырағының құнарлылығына байланысты.

**Түйін сөздер:** флора, геоботаникалық сипаттама, өсімдіктер қауымдастығы.

С. Сайлаубай, Н.З. Ахтаева

#### Краткое описание растительности на нефтедобывающей территории Кызылординской области

В этой работе изучена флора растительного покрытия рудодобывающей территории Кызылординской области. Изученный растительный покров флоры разнообразен, в каждой флоре имеются свои отличия. Различие во флоре связано в первую очередь с климатическим состоянием, геологическим расположением и плодородием почвы.

**Ключевые слова:** флора, геоботаническое описание, растительные сообщество.

S. Saylaubay, N.Z. Akhtaeva

#### A brief description of vegetation on oil Kyzylorda region

In the paper we study the flora vegetation cover ore extractive Kyzylorda region. Studied vegetation flora varieties, each has its own flora differences. The difference in the flora is primarily due to climatic condition, geological location and soil fertility.

**Key words:** flora, geobotanic description, plants community.

Өсімдіктер экологиялық жүйенің негізгі функциялық тобы болып табылады. Ол топырақтың түзілуіне қатысады, зат және энергия айналымына әсер етеді, биоклиматтық және экологиялық индикатор қызметін атқарады. Сол сияқты күн сәулесі энергиясын жинақтау, органикалық заттарды синтездеу, тірі организмдердің тіршілік етуіне қажетті биосферадағы газдардың балансын реттеу қызметін де атқарады. Физиономиялық және индикациондық қасиеттерінің болуына байланысты өсімдіктер экологиялық жүйедегі негізгі ақпараттық компоненті болып табылады [1].

Зерттелген территориядағы шөлді аймақты өсімдіктердің негізгі белгілері саны жағынан аз астық тұқымдастардың сирек кездесетін өсімдік топтарының флористикалық құрамы

нашар, көбінесе шектелген бір-екі түрлер және биологиялық алуантүрлілігі төмен, табиғаттың қолайсыз жағдайына төзімді, құрғақ климатқа, температураның күрт ауытқуына, ылғалдың жетіспеушілігіне, топырақтың тұзды және сортаңдануына бейімделген болып келеді. Бұл аймақта тек қана табиғи емес жасанды өсімдіктер қауымдастығы да кездеседі, сондай-ақ өсімдіктер жабынының жақсы дамуы экстрааридты табиғи климаттарға төтеп береді.

#### Зерттеу әдісі және нысанасы

Өсімдіктер жамылғысының флорасын зерттеу барысында геоботаникалық әдістер қолданылды. Геоботаникалық нысандарды дистансиалық әдістер, құралдардың көмегімен қашықтықта ұзақ уақыт бақылау арқылы жүргізілді [2,3].

Қызылорда облысының Құмкөл, Нұралы, Түзкөл Жамансу, Батыс Түзкөл, Майбұлақ, Қарабұлақ, Қызылқия, Арыскұм, Досжан және Жосалы аймақтарында өсетін өсімдіктер жамылғысының флорасын сипаттап жазу.

#### **Зерттеу нәтижелері және оны талқылау**

Бұл аймақтың негізгі бөлігін ксерофиттер (құрғақшылыққа төзімді) және галофитті (тұзға төзімді) жартылай бұталар, жартылай бұталы жусан мен сораң бұталар, сондай-ақ біржылдық жапырақтары толық жетілмеген тұзды шөлдің қолайсыз жағдайына бейімделген сораң бұталар алып жатады. Жартылай бұталы сарсазандар, жартылай бұташықты жусан, бұйырғын, тас бұйырғын өседі. Басқа тіршілік формаларынан қысқа уақыттық вегетативті бір жылдық және көп жылдық шөптер (эфемерлер және эфемероидтар), құмдарда – ксерофитті шымды астық тұқымдастар кездеседі.

Өсімдіктердің экологиялық бейімделуі құрғақ климаттық жағдайларда әр түрлі болып келеді: ксероморфтылық, суккуленттілік, псаммофиттілік және эфемерлік. Әрбір топтағы өсімдіктердің өздерінің бейімделу ерекшеліктері болады, бірақ іс-жүзінде барлығы ксероморфтылық қасиетке ие.

Көптеген сораңшөптер суккуленттер, өздерінің шырынды жапырақтарына немесе сабақтарына ылғалды жинақтайды және оны өте үнемдеп жұмсайды, оның үстіне сораңшөптер тұзды субстратта тіршілік етуге жақсы бейімделген. Жусан жаз күндері тыныштық күйде болады да олардың қуаңшылық кезеңнен өтуіне көмектеседі, эфемерлі өсімдіктер көктемгі ылғалды өзінің толық циклының өсіп-жетілуіне жұмсайды, топырақ өсімдіктерінің тамырлары құмды жабын түзеді, астық тұқымдастардың жапырақтары кішкене болып, судың тез буланып кетпеуіне бейімделген [4].

Бұл белдемнің сұр-құба топырақты қиыршық тасты жерлерінде, сұр топырақты жусанды шөлдерде, құмды шөлдерде (ақ сексеуіл өскен жерлерде), сондай-ақ тақыр шөлді-сортаңдарда интронзалды өсімдіктер кездеседі. Шөлді жазықтарда жусан тұқымдасының ішіндегі ақ жусан көптеп кездеседі де, изен, эфемерлермен бірге өседі.

Құмкөлде ақ жусан қауымдастығы кеңінен таралған. Құмды саваннада өсетін жусан түрлерінің өкілдері – ақ жусан (*Artemisia terrae-albae*), бұйырғын (*Anabasis salsa*),

Солтүстік тұран флорасының өкілдері – баялыш (*Salsola arbuscula eformis*), жапырақсыз жүзгүн (*Calligonum aphyllum*), құм қараған (*Ammodendron argenteum*). Кедір-бұдырлы топырақтарда бұталы жусан өседі және жусанды эфемер тұқымдастарынан ақ сексеуіл (*Haloxylon persicum*), қара сексеуіл (*Haloxylon aphyllum*) және жүзгіннің (*Calligonum*) басым көпшілігі томпешіктің басында және беткейлерінде кездеседі. Құмды төбешіктерде үнемі бүршікті қылша қауымдастығынан – жиекті қылша (*Ephedra lomatolepis*) және ақ селеу (*Aristida pennata*) басым болып келеді. Кейбір беткейлі аймақтарды ақ жусанды өсімдіктер қауымдастығы алып жатады. Сұр-құбалы тұзды топырақтарда көбінесе баялыш (*Salsola arbuscula eformis*) қауымдастығы басым болып келеді. Төменгі жазық учаскелерде бұйырғын тәрізді өсімдіктер көптеп кездеседі. Бұйырғын (*Anabasis salsa*) әдетте біртекті сирек келетін, жекелеген сораңды учаскелерден тұратын тоғай түзеді, ол жерлерден кейде ақ (*Artemisia terrae-albae*) және қара (*Artemisia pauciflora*) жусанды да кездестіруімізге болады.

Нұралы аумағының қиыршық тасты шөлді аймағында теріскен, жусан (*Artemisia terrae-albae*) және эбелек (*Ceratocarpus utriculosus*) сияқты сирек кездесетін өсімдіктерден тұрады.

Түзкөл Жамансу аймағының қиыршық тасты шөлдері күйреуік, сексеуіл, теріскен, баялыш және тасбұйырғын сияқты сирек кездесетін өсімдіктер жабынынан тұрады. Кейбір өсімдік түрлері, яғни ақ жусан, қылша (*Ephedra lomatolepis*) және шығыс мортық (*Eremopyrum orientale*) эфемерлерін де кездестіруге болады.

Батыс Түзкөл аймағының өсімдіктер жабыны сораң-сексеуіл қауымдастығынан (*Haloxylon aphyllum*, *Salsola orientalis*, *Climacoptera brachyata*) тұрады. Эфемерлерден – шөл жауылшасы (*Alyssum turkestanikum*), шығыс мортығы (*Eremopyrum orientale*), эфемероид баданалы қоңырбас (*Poa bulbosa*); аз санды татар рауғашы (*Rheum tataricum*) және жалаңаш ошаған (*Larula semiglabra*) кездеседі.

Майбұлақ аймағының өсімдіктер жабыны сирек кездесетін күйреуік, теріскен, баялыш, тасбұйырғыннан тұрады және әртүрлі қауымдастықтан құралатын эбелектіде (*Ceratocarpus utriculosus*) кездестіруге болады.

Қарабұлақ аймағында қара сексеуіл, сораң қауымдастығы таралған. Бұлардың ішінде

*Petrosomonia arenarius*, *Climacoptera brachyata* және *Climacoptera lanata* сияқты өсімдік түрлері бар. Кейбір *Alhagi pseudalhagi*, гүлді қарасаған (*Girgensohnia oppositiflora*) өсімдіктерін де кездестіруімізге болады.

Қызылқия аумағында тақырлы-жазықты жерлерде галофитті және мезоксерофитті жартылай гидроморфты экожүйеге жататын өсімдік типтері басым болып келеді. Өсімдіктер жабыны әр түрлі қауымдастықтан құралатын сирек кездесетін күйреуік, баялыш, климокоптералардан тұрады.

Арысқұм аумағы тақыр топырақты белдемдер және бұйырғын, тасбұйырғын, күйреуік, ақ сора, кейде теріскен және көкпек сияқты өзіндік өсімдік жабыны бар сортаң жерлерден тұрады.

Досжан аумағында қиыршық тасты шөлді аймағында теріскен, баялыш және бұйырғын сияқты өсімдіктер өседі. Аз санды ақ жусан, түкті климокоптера және баданалы қоңырбас (*Poa bulbosa*) эфемероиды кездеседі.

Жосалы аумағы. Мұнда баялыш, күйреуік, ақ жусан және ақ сора қауымдастығы кең тараған.

#### Әдебиеттер

- 1 Александрова В. Д. Изучение смен растительного покрова. М.- Л.: Наука. 1964. Т.3. С. 300–447.
- 2 Василевич В. И. Статистические методы в геоботанике. – Л.: Наука, 1969. – 232 с.
- 3 Грейг-Смит П. Количественная экология растений. – М.: Мир, 1967.
- 4 Раменский Л. Г. Проблемы и методы изучения растительного покрова. – Л.: Наука, 1971. – 334 с.

#### Reference

- 1 Aleksandrova V. D. Izuchenie smen rastitelnogo pokrova. M.- L.: Nauka. 1964. T.Z. s. 300-447
- 2 Vasilevich V. I. Statisticheskie metody v geobotanike. – L.: Nauka, 1969. -232 s.
- 3 Greyg-Smit P. Kolichestvennaya ekologiya rasteniy. – M.: Mir, 1967.
- 4 Ramenskiy L. G. Problemy I metody izucheniya rastitelnogo pokrova. –L.: Nauka, 1971.– 334 s.